

БӨЛІМ: ЖАЛПЫ РУБРИКА

Өтпелі тақырып: Балабақша «Менің достарым»

ЖАРИЯЛАНДЫ
19.05.2020СІЛТЕМЕ
https://bilimger.kz/74742/

ЦИКЛОГРАММА

Қонысбаева Аяулым

Өтпелі тақырып: «Балабақша

«Менің достарым»

Күн тәртібі	Уақыты	Дүйсенбі	Сейсенбі	Сәрсенбі	Бейсенбі	Жұма
	Кіші топ	Денсаулық Шығармашылық	Шығармашылық	Денсаулық Қатынас Таным Шығармашылық	Таным	Денсаулық
	Орта топ	Денсаулық Таным Шығармашылық	Қатынас Шығармашылық Әлеумет	Денсаулық Шығармашылық Қатынас Таным	Таным	Денсаулық Вариатив
	Ересек топ	Денсаулық Таным	Қатынас Шығармашылық Вариатив Әлеумет	Денсаулық Шығармашылық Қатынас	Шығармашылық Таным Вариатив	Денсаулық драма
Балаларды қабылдау. Ата-аналармен әңгімелесу.	8.00-8.30	Тәрбиешінің балалармен қарым-қатынасы: балабақша туралы жан-жақты әңгімелесу, қарым-қатынас және көтеріңкі көңіл-күй орнатуға әртүрлі ойындар ұйымдастыру. Жағымды жағдай орнату.				
Ойындар (үстел үсті, саусақ және т.б.)		«Менің балабақшам» Суреттер әлеміне саяхат	«Пішіндерді орналастыр» ойыны Мақсаты: пішіндерді ұяшықтарға түстеріне және көлеміне сәйкес орналастырады.	«Өз үйін тап» ойыны Мақсаты: үлкен - кіші ұғымдары туралы түсінік беру.	«Өз орнын тап» ойыны Мақсаты: түстерді тануға үйрету.	Үстел -үсті ойыны пазл: «Үйшік құрастыр» Мақсаты: логикалық ойлау қабілетін дамыту.
Таңертеңгілік гимнастика (5 мин)		Жаттығулар кешені. (Жан-жақты дамытушы жаттығуы)				
Таңғы ас	8.30 - 9.00	Сылдырлайды мөлдір су, Мөлдір суға қолыңды жу. Жуынсаң сен әрдайым, Таза бетің, маңдайың. Астарың дәмді болсын! Ас уақытында балаларға тамақты таусып жеуге, нанның қиқымын жерге тастамауға үйрету.				
Ұйымдастырылған оқу қызметіне (ҰОҚ) дайындық	09.00-09.20	Балалармен ұйымдастырылатын оқу қызметіне қажетті дамытушы орталықтардың (белсенділік орталықтары) материалдарын, көрнекіліктерін, дидактикалық ойын материалдарын дайындау				

<p>Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ұйымдастырылған оқу кестесі</p>	<p><i>I кіші топ</i> 7-15мин 9.45-9.00</p>	<p>Дене шынықтыру (негізгі қимылдар) 1. Жұптасып жүруге дағдыландыру. Берілген бағытта жалаушаға дейін жүгіру. Қимылды ойын: «Менің досым» Жалпыру Тақырыбы: «Досының доптары» Мақсаты: дайын үлгіні қағаз бетіне орналастырып қоя білуге үйрету. Сары түспен таныстыру. Дидактикалық ойын: «Үлкен –кіші доп»</p>	<p>Музыка Тақырыбы: «Менің достарым» Мақсаты: Кәңілді әнді тыңдау ережесін сақтауды қалыптастыру. Әннің мағынасын түсіну. Ән айтуға қызығушылықты дамыту. Ән тыңдау: «Кел, билейік» И.Нүсіпбаев Ән айту: «Бала, бала, баламыз» Б.Қыдырбекова Әуенді ырғақты қимыл-ойын: «Сенің атың кім?» муз: А.Айтуова</p>	<p>Денешынықтыру Шеңбер бойымен жұптасып жүру. Қонжыққа дейін еңбектеу. Қимылды ойын: «Кім жылдам?» Көркем әдебиет Тақырыбы: «Екі дос (өлең) Қадыр Мырза Әли Мақсаты: оқылған өлеңді тыңдауда шыдамдылыққа, өзара сыйластыққа тәрбиелеу. Дидактикалық ойын: «Досыңды тап» Құрастыру Тақырыбы: «Доп» Мақсаты: қиылған бөліктерден доп құрастыру. (қағаз) үстел-үсті ойыны: «Допты құрастыр» Сурет салу Тақырыбы: «Көңілді жол» (екі тнсті бояумен жол салу) Мақсаты: балаларды екі түсті бояумен түзу сызық сызуға үйрету. Дидактикалық ойын: «Досыма жол»</p>	<p>Жаратылыстану Тақырыбы: «Қанатты достар» Мақсаты: балаларды балабақша ауласындағы құстармен таныстыру. (торғай, қарға, шымыш, көгершін) Дидактикалық ойын: «Торғайға жем береміз»</p>	<p>Денешынықтыру Допты қос қолдап лақтыру. Алға қарай ұмтыла екі аяқтап секіру. Қимылды ойын: «Ақ қоянмен бірге»</p>
	<p><i>Орта топ</i> 9.20 – 9.35</p>	<p>Дене шынықтыру (негізгі қимылдар) 1.Арақашықтығы 4 м тура бағытта еңбектеу 2. 1,5м арақашықтықта бір-біріне қарама-қарсы отырып, аяқты алшақ ұстаған қалпында допты бір-біріне домалату Қимылды ойын: «Досыңа қарай домалат» Математика негіздері Тақырыбы: «Жеке заттар» Мақсаты: Жекелеген заттардан топ құрауға, топтан жеке затты бөліп алуға үйрету. «Бір» және «көп» ұғымдарын бекіту. Дидактикалық ойын:«Досыңмен бөліс» Жалпыру Тақырыбы: «Досыма кесе сыйлаймын» Мақсаты: үлгіге қарап дайын пішіндерді қою арқылы заттың бейнесін жасауға үйрету. Желімді қылқаламға ұқыпты жағу дағдыларын дамыту. Дидактикалық ойын: «Қиындыдан құрастыр</p>	<p>Сөйлеуді дамыту Тақырыбы: «Досым екеуміз» өлеңі Қадір Мырза Әлі Мақсаты: Өлеңді жаттау дағдыларын қалыптастыру. Достық туралы түсінік беру, ересектердің сөзін зейін қойып тыңдауға және түсінуге үйрету. Дидактикалық ойын: «Досыма тілек» Музыка Тақырыбы: «Менің достарым» Мақсаты: Түрлі сипаттағы әндердің мазмұны мен көңіл-күйін қабылдауға үйрету. Балаларды достыққа татулыққа шақыру. Ән тыңдау: «Песенка друзей» В.Г.Герчик Ән айту: «Достық» Л.З.Айтова (Үш тілдегі әндер» жинағынан) Әуенді-ырғақты қимыл, ойын: «Достастық» Р.Рустамов Қоршаған ортамен таныстыру Тақырыбы: «Ойыншықтар» Мақсаты: ойыншықтардың түстерін, пішіндерін ажыратып атау дағдыларын жетілдіру. Ойыншықтарға ұқыптылықпен қарауға тәрбиелеу. Дидактикалық ойын:«Сипаттамасы бойынша тап»</p>	<p>Дене шынықтыру (Негізгі қимылдар) 1. 1,5м арақашықтықта бір-біріне қарама-қарсы отырып, аяқты алшақ ұстаған қалпында допты домалату 2.Тепе-теңдікті сақтай отырып, бір-бірінен 10 см қашықтықта орналасқан тақтай бойымен жүру Қимылды ойын: «Допты кім бірінші ұстайды?» Көркем әдебиет Тақырыбы: С.Маршак «Доп» өлеңі Мақсаты: Ойыншықтарды ұқыпты ұстауға үйрете отырып, өлеңді есте сақтап, мәнерлеп айтуға үйрету. Үстел-үсті ойыны:«Көңілді көліктер» Құрастыру Тақырыбы: «Достарымызға жол салайық» Мақсаты: Пластиналарды тік бағытта және көлденең орналастыру тәсілдері арқылы тар және кең жолдар құрастыру дағдыларын қалыптастыру. Қарапайым құрылыстар құрастыруға қызығушылықтарын арттыру. Дидактикалық ойын:«Қонаққа қай жолмен барамыз?» Сурет салу Тақырыбы: «Жәмиләнің әдемі көйлегі» Мақсаты: Балалардың бейнелеу әрекетіне деген қызығушылықтарын ояту, дәстүрден тыс сурет салу дағдыларын жетілдіру. Саусакпен дақтар салу арқылы бояуларды ретімен қолдана білуге үйрету. Дидактикалық ойын: «Қуыршақтың көйлегін әшекейлейік»</p>	<p>Жаратылыстану Тақырыбы: «Жеміс толы себет» Мақсаты:Жемістің бірнеше түрлері жайлы түсініктерін жүйелендіру; оларды өсіру тәсілдері туралы түсініктерін кеңейту. Есте сақтау, зейін қою, ойлау қабілетін дамыту. Қарапайым зерттеу жұмыстарымен айналысу қабілеттерін қалыптастыру. Дидактикалық ойын:«Қуыршақты тамақтандырайық»</p>	<p>Дене шынықтыру (Негізгі қимылдар) 1. Қол мен аяқ қимылын үйлестіре отырып аяқтың ұшымен жүгіру. 2. Қос аяқтап басты затқа тигізе отырып жоғарыға қарай секіру. Қимылды ойын: «Ұшақтар»</p>

	<i>Ересек топ 15-20 мин 9.20-9.40</i>	Дене шынықтыру Негізгі қимылдар: 1.Сапта бір-бірілеп жүру,қол мен аяқ қимылын үйлестіру, бой түзулігін дұрыс сақтау. Заттардың арасымен құрсауларды домалату. Сызықтар арасымен (15см ара қашықтықта),тепе-теңдікті сақтап жүру. Қимылды ойын: «Кімнің достары көп?» Математика негіздері Тақырыбы: «Достарымның ойыншықтары» Мақсаты: Заттарды салыстырып қою арқылы оларды санамай-ақ жұптарын салыстыру негізінде тең немесе тең еместігін анықтай білуді үйрету. Дид-қ ойын: «Таныс пішіндер доминосы»	Сөйлеуді дамыту Тақырыбы: «Үйшік» ертегісі Мақсаты: Ертегі желісін айтып беруге үйрету дағдыларын қалыптастыру. Бауырмалдыққа, адамгершілікке тәрбиелеу. Дидакти-қ ойын: «Мен айтамын, досым жасайды» Музыка Тақырыбы: «Менің достарым» Мақсаты: Достыққа, бірлікке, татулыққа шақыру. Көңілді әуен арқылы көңіл-күйлерін көтеру. Әуенге ілесе би қимылдарын жасау дағдыларын үйрету. Әуенді ырғақты қимыл: «Серуендейміз, билейміз» А.Тоқсанбаев Музыка тыңдау: «Настоящий друг» В.Шаинский Ән айту: «Тату доспыз бәріміз» Е.Меңдешов Ойын ойнау: «Ән салған кім?» А. Райымқұлова Музыкалық – дидактикалық ойын Қоршаған орта Тақырыбы: «Ойыншықтар» Мақсаты: Бала-лардың мінез құлқында қарапайым адеп ережелерін(ойыншықтармен бөлісу) бекіту. Ойын барысында ойыншықтарға ұқыптылықпен, жанашырлықпен қарап, әрекет ете білуге баулу. Дидакти-қ ойын: «Ойыншықтарды жинаймыз»	Дене шынықтыру Заттардың арасымен құрсауларды домалату. 2-3м қашықтықта алға ұмтыла қос аяқпен секіру. Тақтай үстімен(8м) көлденең еңбектеу Қимылды ойын: «Досым, ұста!» Орыс тілі Тема: «Мои друзья» Цель: Обучение правильному произношению гласных и согласных звуков русского языка. Знать значение слова «друзья», пословицы и поговорки о дружбе; Уметь ценить дружбу, беречь её, доброжелательно относиться друг к другу. Уметь оценивать свои поступки и поступки своих друзей. Дид-я игра: «Выбери друга» Сурет Тақырыбы: «Досымның үйі» (заттық сурет салу) I к.т Мақсаты: Үйдің суретін көрсету ұқыптылыққа тәрбиелеу II к.т Мақсаты: Әртүрлі бағыттағы тура сызықтар мен олардың қиылысуын жүргізе білуді үйрету.Үлгі бойынша пішінін ескере отырып сурет салуды үйрету. Дидакти-қ ойын: «Досыңа көмектес»	Жаратылыстану Тақырыбы: «Менің жасыл достарым» I к.т Мақсаты: Бөлме өсімдіктері туралы білімдерін байытып, аттарын атауға үйрету II к.т Мақсаты: Бөлме өсімдіктері туралы тақпақ жаттау. Балалар ұжымында достық қарым-қатынасты тәрбиелеу. Дид-қ ойын: «Өсімдіктің досын тап»	Дене шынықтыру Заттардың арасымен құрсауларды домалату. Сызықтар арасымен (15см ара қашықтықта),тепе-теңдікті сақтап жүру.Допты бір-біріне төменнен лақтыру және қағып алу(1,5м қашықтықтан). Қимылды ойын: «Досым, қағып ал!»
Серуенге дайындық	10.20-10.30	2.Жүру. Жүгіру Сапта бір-бірілеп жүруге үйрету.Сапта бір-бірілеп жүгіруге үйрету				
Серуен	10.30-11.30	3.Домалату Заттар арасымен доптарды домалатуға үйрету				
Серуеннен оралу	11.30-11.50	Балалардың реттілікпен киімдерін шешуі, өз шкафтарын тауып көрсетуге үйрету. Гигиеналық шараларын ұйымдастыру.				
Түскі ас	11.50-12.30	Балалардың назарын тағамға аудару, тамақтарын реттілігімен тауысып ішуге қалыптастыру.				
Түскі ұйқы	12.30-15.00	Балалардың тыныш ұйықтауына жағымды жағдай орнату.				
Біртіндеп ұйқыдан ояту, ауа, су шаралары	15.00-15.30	Жалпақ табандылықтың алдын алу мақсатында ортопедиялық жол бойымен жүру. Мәдени-гигиеналық дағдыларды орындау. Ойын жаттығу: Сылдырайды мөлдір су, Мөлдір суға қолыңды жу. Жуынсаң сен әрдайым, Таза бетің, маңдайың.				
Бесін ас	15.30-16.00	Балалардың назарын тағамға аудару, алдарына берілген тамақтарын тауысып жеп болған соң тұруға дағдыландыру.				
Ойындар, дербес әрекет	16.00-17.00	«Менің балабақшам» және т.б. тақырыптар бойынша картиналар қарастыру.	Сюжетті-рөлдік ойын «Қуыршақты тамақтандыр» ірі құрылыс материалдарымен және конструктормен ойындар.	Ойын-жаттығу «Қуыршаққа көмек» Альбомдар, сюжетті картиналар қарастыру. Ірі құрылыс материалдарымен ойындар.	Ойын «Кімнің заттары?» (Достарының заттарын анықтау) Суретті кітапшаларды бояу, пазлдар, мозаика және т.б.	Сюжеттік ойыншықтармен ойындар, ертегі оқып беру; үстел үсті театры.
Баланың жеке даму картасына сәйкес жеке жұмыс		Жыл мезгілі туралы әңгімелесу «Күз» (Сурет құрастыру) Мақсаты: қарапайым сұрақтарға жауап беруге үйрету.	Әңгіме құрастыру «Досың туралы әңгімелеп бер» Мақсаты: Балалардың сөздік қорын достары туралы сөздерін байыту.	Дидактикалық ойын: «Ғажайып қапшық» Мақсаты: баланың сөздік қорын ойыншықтардың атауларын білдіретін сөздермен байыту	Жыл мезгілі туралы әңгімелесу. Мақсаты: қарапайым сұрақтарға жауап беруге үйрету.	Дидактикалық ойын: «Атын атап бер» Мақсаты: түсті қабылдауды және қолдың ұсақ моторикасын дамыту.
Серуенге дайындық	17.00-17.30	Киіну: Серуенге шығу. Балалардың дербес ойындары.				
Серуен		Серуенге қызығушылық туғызу; балалармен жеке әңгімелесу.				
Балалардың үйге қайтуы	17.30-18.00	«Ата-анаға психологиялық 10 кеңес».	Психолог кеңесі (жеке балаларға)	Ата-аналарға тапсырма беру, жақсы демалуға тілек білдіру	Кеңес: Бала өміріндегі ойыншықтың маңызы.	Жобаны таныстыру: Менің балабақшам тақырыбына көрме ұйымдастыру.

ҚМ АА Күзлік нөмірі: **KZ45VPY00102718** — ҚР Мәдениет және Ақпарат министрлігі

© 2026 **Bilimgger.kz** Ақпараттық-танымдық білім порталы. Барлық мазмұн авторлық құқықпен қорғалған.